

Шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдерін Қазақстан Республикасында болған кезінде әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 23 қыркүйек 1992 ж. N 791. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстанмен танысу үшін сапарда жүрген, еңбек контракттары бойынша жұмысқа, экономикалық қарым-қатынастарды жолға қою мен қайырымдылық істері бойынша, туған-туысқандарымен дидарласып қайтуға, сондай-ақ оқуға түсу үшін келген шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің республика территориясында жүріп-тұруына қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шетелдік қазақ диаспорасының өкілдеріне Қазақстан территориясында болған кезінде ведомстволық бағынысына қарамастан мейманханалардағы жамбаспұл үшін, республикалық әуе жолдары ұшақтары мен республика ішіндегі темір жол көлігіне алынған билет үшін республика азаматтарына белгіленген төлеу тәртібі қолданылатын болсын.

2. Басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын қазақ жігіттері мен қыздарына кәсіптік-техникалық, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына, аспирантураға оқуға түсулеріне, сондай-ақ тағылымдамадан өтулеріне Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей хұқық берілсін, олар стипендиямен, басқа да қажетті материалдық жағдайлармен мемлекет есебінен қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бір ай мерзім ішінде басқа мемлекеттердің азаматтары саналатын қазақ жастарын біліми және кәсіби бейімдеудің, оларды әлеуметтік-экономикалық қолдаудың бағдарламасын және ведомстволық бағынысына қарамастан орта арнаулы және жоғары оқу орындарына оқуға қабылдау шарттарын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне, облыстардың әкімдеріне, Алматы қаласының әкіміне басқа елдерде тұратын қазақ ұлтының адамдарына өндірістік ғимараттар, тұрғын үйлер салуға жер учаскелерін бөлуде, тұрғын үй құрылысы кооперациясына қатысуда, асханаларды, дүкендерді, тұрмыстық қызмет шеберханаларын жалға алуда, бірлескен кәсіпорындар құруда, мемлекеттік меншіктің барлық нысандарын

жекешелендіру жөніндегі аукциондарға қатысуда белгілі бір жеңілдіктер мен басымдықтар беру жөнінде шаралар қолдану ұсынылсын.

5 . М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі-шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерінің республикамызда болған кезінде олардың емдеу-сауықтыру жәрдемін пайдалануының тәртібін белгілесін, республика азаматтарына ортақ негізде санаторийлік-курорттық емделулерін қамтамасыз е т с і н ;

Қазақстан Республикасының Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі - мүдделі ұйымдармен бірлесіп, шетелдік отандастардың ұлттық-этникалық мүддесін ескере отырып, республикамыздың аймақтары бойынша таныстық сапарлары үшін арнайы туристік маршруттар белгілесін;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі - шетелдік қазақ диаспорасы өкілдеріне белгіленген тәртіп бойынша республикамызға келу визасын беру және "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңға сәйкес республика азаматтығын алуға қатысты құжаттарды ресімдеу шараларын б е л г і л е с і н ;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі - шетелдік қазақ диаспорасының келген өкілдерінің уақтылы тіркелуі мен олардың республика территориясында жүріп-тұруына қажетті құжаттарды әзірлеу жөнінде тиісті шаралар қолдансын. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ниет білдірген әрі түпкілікті тұруға рұқсат алған азаматтардың қажетті іс қағаздарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі